



# ЗАН

zangazet@mail.ru

№60 (3689)  
9 тамыз 2024




# газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ҚОС КҮМІС ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Бүгінде төрткіл дүниенің назары – Парижде. Бұл қала үшінші рет жазғы Олимпиада ойындарын қабылдаған Лондоннан кейінгі екінші қалаға айналды. Мұндай жарыс ең алғаш Парижде 1900 жылы өткен болатын. Одан соң 2004 жылы өткізілді.

(Соңы 3-бетте)

### • СҰХБАТ

Анар АЯПБЕРГЕНОВА,  
«Ауыл» партиясының Ақмола  
облыстық филиалының төрайымы.

### «ГҮЛДЕНСЕ АУЫЛ – ГҮЛДЕНЕДІ ЕЛІМІЗ»

– Анар Сайлаубекқызы, 25 жылдық тарихы бар «Ауыл» партиясының еліміздің саяси алаңындағы орны қандай?

– Партиямыздың алғашқы құрылтай съезі 2000 жылы 30 қаңтарда болды. 29 наурызда «Ауыл» шаруа социал-демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігі деген атпен бастапқы мемлекеттік тіркеуден өттік. 2015 жылғы 1 қыркүйекте партияның XI кезектен тыс съезінде Қазақстан патриоттары партиясымен бірігу туралы шешім қабылданды. Одан кейін «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы деген жаңа атаумен тіркелдік. Ал 2016 жылғы сайлау нәтижесінде 20 наурызда партияның 38 өкілі мәслихат депутаты болды. Сондай-ақ 2019 жылғы 9 маусымдағы Президент сайлауына Төлеутай Рақымбеков кандидат боп қатысты. 2021 жылғы 10 қаңтарда облыстық, қалалық және аудандық мәслихат сайлауында партияның 237 мүшесі жеңіске жетіп, 32 кандидат ауыл әкімі болып сайланды. 2021 жылғы 10 қыркүйекте жастар саясатын қолдау үшін «Ауыл» жастар ұйымы құрылды. 2022 жылғы 20 қарашадағы Президент сайлауында Жигули Дайрабаев кандидат болып қатысты. 2023 жылғы 19 наурыздағы сайлау қорытындысы бойынша «Ауыл» ХДПП Парламент Мәжілісіне 8 депутаттық мандат алды. Осы нәтиженің өзі «Ауыл» партиясының саяси алаңдағы тұғырының биік, ел ішінде беделінің жоғары екенін аңғартса керек.

– Тек 2023 жылдан кейін ғана Мәжілістегі тұңғыш мандатына ие болғанымен, «Ауыл» партиясының басты жеңісі Президент сайлауына өз үміткерін қосқаны болса керек?

– Оныңыз рас. Кез келген саяси партияның қызметінде мемлекет Президентінің сайлауы маңызды рөл атқарады. Кейбір партиялар өз ортасынан ортақ үміткер шығара алмай, одан бас тартып жатқан кезде «Ауылдың» 2019, 2022 жылғы сайлаулардан тыс қалмай, белсенділік көрсетуінің өзі тарих үшін үлкен оқиға болып саналады.

Біз әрдайым елдегі қоғамдық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және тағы басқа да барлық салалардағы өзгерістердің бел ортасында жүрдік. Алдағы уақытта да осы бағыттан айнамаймыз. Өйткені, әрбір партия өз елінің гүлденіп, дамуына мүдделі болып, оған атсалысуы керек. Сондықтан өзге әріптестеріміз секілді, біз де әрбір сайлау науқаны кезінде барынша белсенді болып, барлық күш-жігерімізді елдегі саяси белсенділікті нығайтуға, ел дамуына үлес қосуға жұмсап келе жатырмыз.

(Соңы 5-бетте)

### • БАЗЫНА

## ТҮЛЕКТЕР ГРАНТ БӨЛУДЕГІ ТЕҢСІЗДІККЕ ӨКПЕЛІ

Мектеп бітіруші түлектердің мемлекеттік грант иегерлерінің тізімін асыға күтетіні белгілі. Түлектер үшін биылғы жыл тосын жаңалыққа толы болды. Грант бөлудегі теңсіздік, ауылдық квота мен төтенше жағдай аймақтарындағы шәкірттерге берілген айрықша мүмкіндік жоғары балл жинаған талай түлектің арманын аяқсыз қалдыры.

Әрине, ауылдық квотаның жайы бұрыннан белгілі. Ол ауылдық жерде тұратын жастардың жоғары білім алуына жол ашуға бағытталған. 2024 жылы бұл квота 35% құрап, көптеген ауыл түлектерінің мүмкіндігін кеңейтті. Ал биыл бұл жеңілдікке қосымша төтенше жағдай аймақтарынан келген студенттерге арнайы гранттар бөлінген. Ең қызығы, мұндай игілік жалпыға ортақ гранттар есебінен үлестіріліп отыр. Өкінішке қарай, бұл жүйе қала мектептерінің жоғары балл жинаған түлектерінің жолын кесті. Соның бірі – Әйгерім Жүнісбек. Алғыр қыз ҰБТ-дан 109 балл жинап, туризм мамандығын таңдаған. Бірақ, грантка ілінбеген. Себебі, төтенше жағдай аймағынан келгендер 98 баллмен оқуға қабылданыпты.

– Бір жарым жыл еңбегіміз зая кетті. Әрине,

төтенше жағдай аймағында тұратындарға жеңілдіктің берілгені орынды. Бірақ ол аймақтардағы барлық ауылды су басқан жоқ қой. Меніңше министрлік жалпы гранттарға тиіспей, оларға бөлек грант бөлуі керек еді, – дейді Әйгерім Жүнісбек.

Ал Бакытбек Назерке Талғатқызы 127 балл жинап, журналистика мамандығына түсе алмаған. Оның орнына 120 балл жинаған және төтенше жағдай орын алған аймақтан келген түлектер грантка ие болды. Назеркенің де министрлік шешіміне өкпесі қара қазандай. «Менің де грантта оқығым келеді. Сол үшін күні-түні ұйықтамай дайындалдым. Бірақ менің грантымды басқаға бере салды. Әрине, бұл әділетсіздік. Неге мемлекет біздің есебімізден апатты аймақтағы жастарға жағдай жасауы керек?» – дейді ашынған Назерке Талғатқызы.

Түлектердің базынасы орынды. Десек те, мұндай реніш туындамас үшін құзырлы орган грант бөлудегі жаңалықты алдын ала таныстырып, талаптарын алдын ала айтуы керек еді. Сонымен қатар, бізде әлі күнге дейін мамандық таңдауға жауаптылықпен қарау жағы кемшін. Егер мектеп бітіруші түлектерге мамандық таңдаудың қыр-сыры, жастар көп қызығатын мамандықтарға түсудің де қиын болатыны жан-жақты түсіндірілсе, бүгінгідей өкпе-реніш азаяр еді. Мәселен, биыл медицина, ақпараттық технологиялар (IT) және құқық, стоматология, аудармашы, дене шынықтыру пәні мұғалімі мамандығын таңдағандар басым. Медицина саласында бір орынға шамамен 8-ден 15 талапкерге дейін үміткер болса, IT саласында бір орынға 10-13 талапкерден келеді. Құқықтану саласында да бәсекелестік деңгейі жоғары. Жыл сайынғы статистика мен орын санын көрсете отырып, түлектердің өз мүмкіндігіне қарай мамандық таңдауына жол нұсқау – мемлекеттік қамқорлықтың бір түрі. Бізде осы жағы әлі күнге ақсап тұр.

Аружан МАУЛЕНБАЙ

ҰБТ тестілеушінің ҰБТ нәтижесі РЕЗҮЛЬТАТЫ ЕНТ ТЕСТІРУЕМОҒЫ

№	Қысқартылған атауы/Шығарылуы	Жиналған баллы/Шығарылуы
1	Қысқартылған атауы	16
2	Қысқартылған атауы	9
3	Қысқартылған атауы	8
4	Қысқартылған атауы	42
5	Қысқартылған атауы	34
Барлығы/Негізгі		109
Мүмкін болатын балл		140
Балл пайызы		78%



## • ГЕНДЕР

Гендерлік саясат – әйелдерге тең қолжетімділікті және өмірдің барлық салаларына қатысуды қамтамасыз етуі қажет. Гендерлік теңдік саясатының алға жылжуы үшін әйелдерге саяси, экономикалық және қоғамдық өмірге араласу қажет. Демократиялық және құқықтық мемлекетті бекітуде Қазақстан әйелдерінің рөлі ерекше. «Әке ұрпақты тәрбиелейді, ана ұлтты тәрбиелейді» деген қазақ мақалы бекер айтылмаған.

# ӘКЕ ҰРПАҚТЫ, ӘЙЕЛ ҰЛТТЫ ТӘРБИЕЛЕЙДІ

Қазақстанда демографиялық өсімді қамтамасыз етуде әйелдердің үлесіне баға жетпейді, себебі, балалардың туылуы, олардың тәрбиесі аналардың мойнында. Сонымен қатар, олар өмірлік маңызды салаларда еңбек етеді, мемлекеттік басқару жүйесінің көп бөлігі нәзік жандылар еншісінде. Әйел отбасы құндылықтарының мүддесін қорғайды. Алайда бұл әйелдің мойнына барлық ауырталдықты жүктеу дегенді білдірмейді.

Біздің елімізде гендерлік саясаттың талаптарын орындау мақсатында әйелдердің ерлермен тең қатысуы, өз бизнесін дамыту және қызмет бабымен көтерілу, отбасындағы тең құқықтар-

ды шешу т.б құқықтарды жүзеге асыруға толық мүмкіндік жасалған. Қазақстан Республикасы «Әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы» (18 желтоқсан 1979 ж) Конвенцияға қосылған. Сөйтіп, еліміз осы Халықаралық құжатқа қатысушы мемлекет ретінде онда көзделген талаптарды ішкі заңдарымызға енгізді. Бұл Қазақстанның демократиялық қағидаттарды басшылыққа алған ел екенін білдіреді.

Р.Айтмағанбетова,

Ақтөбе облысы  
Шалқар аудандық сотының  
кенсе жетекші маманы

## Баспасөз – 2024

# ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАҢ!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне, «Заң» журналына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

## Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

жеке тұлғалар үшін – 65921,  
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

# ЖАРНАМА

## ТАРАТУ

5. «Rich Line» ЖШС (БСН 111140007411) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі, 55 үй, 59 пәтер. Тел: 87015258408

6. «ОрдаСтройИнвест Лимитед» ЖШС (БСН 050340005674) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Ермеков көшесі, 26 үй, 21 пәтер.

7. «Западно-Казахстанская Ассоциация Карате-до БУДО» қоғамдық бірлестігі (БСН 080940011140) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, 7 ықшам ауданы, 6 үй, 74 пәтер.

9. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Қызылжұлдыз негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 961040000893) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қособа ауылы, Школьная көшесі, 9 ғимарат, тел. 8 (71441)40683.

12. «Қарабалық ауданы білім бөлімінің Кособа бастауыш мектебі» КММ (БСН 970340000526) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қособа ауылы, Школьная көшесі, 9 ғимарат, тел. 8 (71441)40683.

13. «MV Petrom S.A.» (О Эм Ви Петром Эс.Эй.) компаниясының Қазақстан Республикасындағы филиалы (БСН 990541002498) өзінің жойылатыны (есептік тіркеуден шығарылуы) туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, 050059, Өл-Фараби даңғылы, 19. «Нұрлы-Тау» бизнес орталығы, 1Б блогы, 404-кеңсе, тел. +7(727)3111700.

15. «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Павлодар облысының Әділет департаменті Ақсу қаласының ауданаралық әділет басқармасы, БСН 050340003727 (Қазақстан Республикасы, 140100, Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Астана көшесі, 26),

«Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Павлодар облысының Әділет департаменті Ақтоғай ауданаралық әділет басқармасы, БСН 050340005036 (Қазақстан Республикасы, 140200, Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 72),

«Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Павлодар облысының Әділет департаменті Тереңкөл ауданаралық әділет басқармасы, БСН 050340014366 (Қазақстан Республикасы, 140600, Павлодар облысы, Тереңкөл ауданы, Тереңкөл ауылы, Тургенев көшесі, 77),

«Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Павлодар облысының Әділет департаменті Екібастұз қаласының ауданаралық әділет басқармасы, БСН 050340004031 (Қазақстан Республикасы,

141200, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Мәшһүр Жүсіп көшесі, 98/1) өздерінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Шағымдар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Астана көшесі 18. Телефон 8-7182-328787, 323258.

16. «Үштөбе Сүт» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі (БСН 180240014715) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 041000, Жетісу облысы, Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы, Маяковский көшесі, 6 құрылыс. Тел. 87017380128.

20. «МТО Логистика» ЖШС (БСН 240340006870) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Б.Момышұлы ауылдық округі, Б.Момышұлы ауылы, Әулие Бастау көшесі, 21/1 үй.

21. 12.08.2024 жылы «Шапағат-2» ЖШС (БСН 960940005438) тарату туралы шешім қабылдағаны жөнінде ҚР Азаматтық кодексінің 50-бабының 1-тармағы негізінде хабарлаймыз.

## МҰРАҒЕРЛІК

17. 2023 жылдың 27 желтоқсанында қайтыс болған Тыханова Айзат Аяпбергеньқызының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

18. 12.02.2024 жылы қайтыс болған Даулетбеков Айдосбек Ашимұлының артынан мұрагерлік іс ашылуына байланысты, мұрагерлердің Түркістан обл., Мақтаарал ауданы, Мырзакент қаласы, С.Қожанов көшесі, №31 құрылым, нотариус Г.К. Кобегеноваға хабарласуын сұраймыз. Тел. +77012785558.

19. 2008 жылдың 25 сәуірінде қайтыс болған Парменов Бегали Рахимовичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

## ӘРТҮРЛІ

3. Алматы қаласының Бостандық аудандық соты Светлана Васильевна Духовниковадан өтінішімен, 22.12.1963 жылы туған, Алматы қаласының тумасы Александр Викторович Духовникті қайтыс болды деп тану туралы азаматтық іс ашылғанын хабарлайды. А.В. Духовников жайлы мәліметтер болса, Бостандық ауданының сотына хабарласуын сұраймыз: Алматы қаласы, Орбита-2 шағын ауданы, 20А үй.

4. «Немір-Д» ЖШС-гі (БСН 030240011582) «ДауДид трейд» ЖШС-не (БСН 110340004898), қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 12 шағын ауданы, 11 үй, 77 пәтер, тел. 87086507570.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,  
8 (708) 929-98-74  
E-mail:  
zanreklama@mail.ru

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРИНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоғай көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz» Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99. г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509 e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ша/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Калиасқаров Нұрлан Нұргисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. Өл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Видай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772265606.

2. Жоғалған түпнұсқа Жарғы 2020 жылғы 4 наурыздағы №48 серия «Тимирязев ауданының ветеринариялық станциясы» ШЖК МКК «СКО әкімдігінің ветеринария басқармасы» КММ (БСН 120440007540) Жарғы 20.07.2024 жылдан бастап жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

## ЯВОҒАЛЫ